


**«Біртұтас тәрбие бағдарламасын» іске асыру бойынша Мемлекеттік
құзырлы органдармен бірлескен 2024-2025 оқу жылына арналған
жұмыстардан ақпарат**

Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігі 2023 жылғы 19 қыркүйектегі №294 бұйрығы, 3 қосымша нысан бойынша «Біртұтас тәрбие бағдарламасын» іске асыру бойынша Мемлекеттік құзырлы органдармен бірлескен 2024 – 2025 оқу жылына арналған Есбол орта мектебінің жылдық жоспары жасақталды. «Еңбекқорлық және кәсіби біліктілік» айы қыркүйек - білім күніне арналған «Мектеп – мейірім мекені» 1,11 сыныптармен салтанатты шара өтсе, 2-10 сыныптарда сынып сағаттар өтті.

Апта дәйек сөзі: "Білім - қымбат қазына, қанағат тұтпа азына" Мұзафар Әлімбаев 2-қыркүйек күні алғашқы бірыңғай сынып сағаты өткізілді. 10-сынып білім алушылары «Менің Отаным-Қазақстан!» тақырыбында сынып сағаты өткізілді. Сынып сағатының мақсаты: Білім алушылардың Қазақстанның тарихын, мәдениетін, табиғатын таныстырып, елге деген сүйіспеншілік пен патриоттық сезімді қалыптастыру. Сынып сағаты барысында гимн орындалып, жасанды интеллект бойынша видео көрсетілді. ҚР-ның рәміздері туралы ақпарат берілді. "Conker" платформа арқылы сұражауап жүзеге асты.



2-қыркүйек күні алғашқы бірыңғай сынып сағаттары аясында 8-сынып білім алушылары «Менің Отаным-Қазақстан!» тақырыбында өткізілді. Сынып сағатының мақсаты: Білім алушылардың Қазақстанның тарихын, мәдениетін, табиғатын таныстырып, елге деген сүйіспеншілік пен патриоттық сезімді қалыптастыру. Сынып сағаты барысында

Қауіпсіздік, жасанды интеллект туралы сөз қозғалды



Мектебімізде 3-сынып оқушыларына “Менің Отаным Қазақстан” тақырыбында сынып сағаты өтті. Сынып сағаты ҚР гимнін шырқаумен басталды. Тақырып ашу мақсатында сиқырлы сөздер сұрақтары арқылы жауап беріп өздерінің бір ғана Отаны Қазақстан туралы айтты. ҚР мемлекеттік рәміздері, авторлары, ұлттық валютасы, конституциясы туралы бұрыннан білетіндерін ортаға салды. Соңынан Отан туралы тақпақтар мен мақал мәтелдер айтып, Quizz ойынын ойнап жақсы көңіл күй сыйлады



Есбол орта мектебінде “Отбасы күніне” орай 2 қыркүйек күні 1 сынып оқушыларымен "Отбасы бақыт- мекені" тақырыбында сынып сағаты өткізілді. Мақсаты: Оқушылардың отбасы туралы білімдерін шыңдау. Отбасы құндылықтарының маңызын дәріптеу. Оқушыларды ұйымшылдыққа, жауапкершілікке, ептілікке тәрбиелеу. Сынып сағатында оқушылар бірнеше сұрақтарға жауап беріп, өз ойларын еркін жеткізе білді. Сынып жетекшісі: Сілеумұханова Назымгүл.



Отбасы – барлығымыздың жүрегімізге ең жақын сөз. Ол – махаббат пен тыныштықтың, мейірім пен жарасымның, қуаныш пен мерекенің мекені. Адам баласының өсіп-өнетін алтын ұясы. Сыйластық, жарастық орнаған орта, кішкентай ғана Отан. «Отан – отбасынан басталады» дегендей Отанды сүю – отбасынан басталатыны рас. Отбасы күніне орай 3-қыркүйек 7-8 сыныптар арасында "Мықты отбасы - мықты мемлекеттің кепілі" тақырыбында эссе жазу жұмысы жүргізілді. Мақсаты отбасы құндылықтарын арттыру, отбасындағы қарым қатынасты нығайту.



Мектебімізде 4 қыркүйек күні 2-4-сынып оқушылары арасында "Отбасы-бақыт мекені" тақырыбында сурет көрмесі өткізілді. Мақсаты: Оқушылардың отбасы туралы түсініктерін кеңейту. Әр адамның өз отбасындағы тұлға екендігін анықтай отырып, отбасының рөлінің маңыздылығын, патриоттық көзқарасын қалыптастыру.




5 қыркүйек - Қазақстан халқы тілдер күні. Бұл күн - "Ұлттың сақталуына да, жоғалуына да себеп болатын нәрсенің қуаттысы -тіл" деген ұлағатты сөз қалдырған, қазақ халқының тағдыры мен тілі үшін күрескен Алаш арысы, ұлт ұстазы Ахмет Байтұрсынұлының туған күні. Барша қазақстандық қазақ әліпбиінің негізін салушы ғалымның меркесінде Тілдер күнін тойлайды. Осы орайда біздің мектебіміздің 2024-2025 жаңа оқу жылы да осы Тілдер күніне арналған салтанатты жиынмен басталды. Жиында оқушыларымыз өлеңдер оқып тілге деген өз құрметтерін көрсетсе, мектебіміздің қазақ тілі бірлестігі осы Тілдер күніне арнап сұхбат жүргізіп, сұрақтар қойды.



6-қыркүйек күні 10-сынып оқушыларына "Мен және менің отбасым" атты сынып сағаты өткізілді. Сынып жетекші: М.Зинуллина. Дәйексөзі: "Елін сүйер сеніңіз, өз отбасын сүйе алған" Қасым Аманжолов. Алдымен қауіпсіздік сабағымен басталды. Жасанды интелект арқылы отбасы туралы мәлімет айтылды. "Тәрбие отбасынан басталады" бейнеролик көрсетіліп, соның төңірегінде оқушылар өз ойларын жеткізді. "ҚҚҚ" әдісі арқылы кері байланыс алынды.



2024 жылдың қыркүйек айының 9 жұлдызы «Тоғызқұмалақ күні» аясында 5-ші Дүниежүзілік көшпенділер ойындарын қолдай отырып, тоғызқұмалақ ойыны бойынша Гиннесс рекорды орнатылу жоспарлануда. Осыған орай Есбол орта мектебінде аталған ойын бойынша белгіленген уақытта шарамыз басталды.



9-қыркүйек күні "Адал ұрпақ - ұлт болашағының кепілі" тақырыбында 6-сынып білім алушыларына дөңгелек үстел өткізілді. Сынып сағатының мақсаты: оқушыларға рухани адамгершілік және азаматтық — патриоттық тәрбие беру. Олардың бойында сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру және сыбайлас жемқорлыққа мүлдем төзбеушілікті көрсететін

құндылықтар жүйесін сақтау және нығайту, оқушылардың заң талаптарын сақтауға ынтықтасыру.



10-қыркүйек күні “Мұхтар мұрасы - парасаттылық бастауы” тақырыбында 7-сынып білім алушыларына адалдық сағаты өткізілді. Сынып сағатының мақсаты: Мұхтар Омарханұлының шығармашылығы арқылы оқушыларға жақсы біліммен қатар әділдік, парасаттылық және сенім құндылықтарының маңыздылығын түсіндіру. Жазушының әлемдік мәдениетке қосқан үлесі туралы студенттердің білімдерін жүйелеу. Әлем таныған Әуезовтың ұлылығын дәріптеу. Қазақ елінің мақтанышына айналған заңғар жазушыны құрметтеуге, студенттердің елін сүйуге, әдебиетті білуге тәрбиелеу.



11-қыркүйек күні “Адалдық - шынайы адам мінезіндегі бағалы қасиет” тақырыбында 9-сынып білім алушыларына адалдық сағаты өткізілді. Сынып сағаты қауіпсіздік ережелерімен басталып, сабақ барысында оқушылар адалдық пен әділдіктің айырмашылығын талдады. Оқушыларға әр түрлі өмірлік мысалдармен ситуациялық сұрақтар қойылды.



11 қыркүйек күні мектеп педагог-психологы Э. Саликова “Уақытты тиімді пайдалану-табысқа жетудің кепілі” тақырыбында психологиялық кеңес беру жоғары сынып оқушыларымен ұйымдастырылды. Уақыт біздің өміріміздегі ең маңызды баға жетпес құндылықтарымыздың бірі. Бұл бағалы ресурсты кері қайтарып алуға немесе қалпына келтіруге болмайды. Оқушыларға уақытты тиімді басқару, күн тәртібін дұрыс құру, уақытты дұрыс жоспарлау, мақсат қою жөнінде түсінік беріле отырып, “Уақытты тиімді басқару жолдары” атты бейнеролик көрсетілді.



12 қыркүйек күні мектебімізде “Шығармашыл бол” тақырыбында әдістемелік көмек күні өткізілді. Мақсаты: Жас мамандарға бағыт – бағдар беру және әдістемелік көмек бере отырып педагогикалық жаңашылдыққа үйрету және педагогтардың кәсіби құзыреттіліктерін дамыту. Жас мамандарға оқу жоспары-күнтізбелік жоспар бойынша түсінік жұмыстары жүргізілді сонымен қоса нормативтік құжаттармен жұмыс істеуді меңгерді. Шарада Таңатов Жалғас gamma.app жасанды интеллект арқылы презентация жасауды көрсетіп, жас мамандармен практикалық жұмыс жасады. Батырғалиева Гүлжайна Canva бағдарламасының мүмкіндіктерін сөз етсе, Сағынғали Амангүл Wordwall платформасының көптеген функцияларын көрсете отырып үйретті. Шара кезінде цифрлы білім беру арқылы бәсекеге қабілетті азаматтарды тәрбиелеуде жаңа технологияларды пайдаланып оқыту арқылы цифрлы сауаттылықты меңгерген, оқушылардың пәнге деген қызығушылығын арттыра білген маман қатарынан көріну тұрасында сөз қозғалды.



12-қыркүйек күні “Адалдық алаңы - өркениетке бастар жол” тақырыбында 7-11 сынып білім алушыларымен кездесу сағаты өткізілді. Оқушыларға әр түрлі өмірлік мысалдармен ситуациялық сұрақтар қойылды. Адалдық пен шындықтың адами қарым-қатынастағы мәнін түсіндіру, адалдық алаңы мен кез-келген теріс әрекеттердің алдын алу, оқушыларға түсіндіру жұмыстары жүргізілді. Негізгі мақсаты – өскелең жас ұрпақтың бойына адалдық пен парасаттылық қасиеттерін қалыптастыру, оларды адал жолға шақыру. Жас буынның рухани болмысын бекітіп, сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетін қалыптастыру мақсатында адалдыққа тәрбиелеу шаралары жыл бойы өз жалғасын табады. Болашақтың жарқын болуында — саналы ұрпақ тәрбиелеу қоғам мен білім ордасының қолында.



”ЕҢБЕГІ АДАЛ-ЖАС ӨРЕН”ЖОБАСЫ аясында 1-4 сынып білім алушылары күзгі егіннің табиғи материалдары мен орман табиғатының көркем сыйларын пайдалана отырып, ата-аналармен бірге жасаған қолөнер бұйымдарын "КҮЗГІ АСАР" жәрмеңкесіне ұсынды.



и ещё 5

13 қыркүйек күні Есбол орта мектебінің 5-11 сынып оқушыларына жасөспірімдермен жасалатын қылмысты болдырмау мақсатындағы 9-13 қыркүйек аралығында аудан аумағында өткізіліп жатырған «Жанұя және бала» жедел профилактикалық іс шарасының аясында «Қылмыс және жауапкершілік» атты кездесу ұйымдастырылды. Қазіргі уақытта жасөспірімдердің арасындағы құқық бұзушылықтардың алдын алу өзекті мәселе. Құқық бұзушылық — бұл қоғамға зиян келтіретін және заң бойынша жазаланатын қоғамға қарсы әрекет. Жасөспірімдер арасында құқық бұзушылықтың алдын алуда құқықтық сана мен құқықтық мәдениетті қалыптастыру негізгі басымдықтардың бірі. Осы орайда мектеп оқушыларына Махамбет АПБ-нің ЖПҚб-нің ЮПТ-ның КТІЖ-гі УПИ-ры полиция аға лейтенанты Дюшимов Казбек Турарович “Қылмыс және жауапкершілік” атты тақырыпта «Кәмелетке толмағандар арасында құқық бұзушылықтың алдын алу», мектептің ішкі тәртіп ережесімен таныстыру мақсатында түсінік жұмыстарын жүргізді. Кездесу барысында құқық бұзушылықтың алдын алу бойынша түсіндіру және ескерту жұмыстары сипатталды (оқушылардың түнгі қозғалысы, жол көлік сипатындағы әрекеттер, мектеп ережелерін қатаң сақтау қағидалары). Құқықтық тәрбие – кәмелетке толмағандар арасында заң ұғымдарын насихаттай отырып, жасөспірімдерді қажетті заңдылық біліммен қамтамасыз етуді мақсат етеді. Жастарды заңның негізгі принциптерін біліп қана қоймай оны меңгере білуге де үйрету қажет. Көпшілік тарапынан сұрақтар қойылып, ол сұрақтар бойынша нақты жауаптар берілді.



13-ші қыркүйек мектебімізде “Отбасындағы сыйластық” тақырыбында 6 сынып оқушыларына Төреғалиева Айсананың ұйымдастыруымен сынып сағаты өткізілді.

Мақсаты: Отбасындағы қарым - қатынас мәдениеті туралы түсінік беру, бақытты жанұяның моделін дайындау; Отбасы - Отанның бір бөлшегі екенін ұғындырып, оқушылардың бақытты жанұяға деген қызығушылығын арттыра отырып, жазғы демалыста өткен қызықты күндерін баяндау; Жанұядағы сыйластыққа, адамгершілікке, инабаттылыққа, ынтымақ пен бірлікке, татулық пен ұйымшылдыққа тәрбиелеу. Үлкенді үлгі, кішіні мақтан етуге, отбасының бірлігін сақтап, жанұяның мақтаны болуға тәрбиелеу. Отбасымен демалыс көп уақытқа дейін есінде сақталып, тамаша естеліктерге негіз болады. Оқушылар өз ойларын еркін айтып, сұрақтарға жауап бере отырып, өзіндік сыни көзқарастарын білдіре алды.



8 сынып білім алушыларына «Саяхат кезіндегі төтенше жағдайлар (Өрт, жер сілкінісі, су тасқыны)» тақырыбында сынып сағаты өткізілді. Мақсаты: саяхат кезінде төтенше жағдайларда дұрыс әкерет етуге және пайдалы әдеттерді дамытуға үйрету. Сынып жетекші Хасанова А. презентация жасап қауіпсіздік сабағын өткізді. Бейнежазба көрсетіліп, "сөйлемді аяқта" ойыны ойналды. "ЖЕЛІДЕГІ ЖАС ШЕКТЕУЛЕРІ МЕН ЖӘНЕ ОЛАР НЕ ҮШІН ҚАЖЕТ" БУЛЛИНГТЕН ҚОРҒАНУ ҮШІН СЫНЫП САҒАТЫНДА бейне талқылау, топтық сұрақтарға жауап беру, жағдаятты талқыланып, жасөспірімдердің әлеуметтік желідегі қауіпсіздігі туралы айтылды.



АТА-АНАЛАРДЫ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ҚОЛДАУ КӨРСЕТУ БАҒДАРЛАМАСЫ АЯСЫНДА ата-аналар жиналысы өткізілді. Қаралған мәселелер: 1.Жасөспірімдердің өзгерісі туралы презентация арқылы әңгіме дүкені құрылды. 2.Жеке қауіпсіздік туралы мағлұматтар мен түсіндірмелер жүргізілді. 3."Айқанат" ауыл олимпиадасы ережелері таныстырылды. 4.Жасөспірімдердегі ұйқы: Оқуға және мінез-құлыққа әсері. Ұсыныс: 1.Балаларды жас ерекшелігіндегі болып жатқан өзгерістерді түсіне отырып, білім алуға ұмтылдыру 2. Оқуға құштар жобасы аясында көркем әдебиет оқуға баулу 3.Үнемі бағыттап, сәтсіздіктерде қолдау білдіру. 4."Айқанат" ауыл олимпиадасы дайындығына жауапкершілікпен қатысу үшін қадағалау



«Еңбек күніне» орай 3-сынып жетекшісі А.Иманқұлова «Еңбек - ер атандырады» кәсіпорындарға виртуалды саяхат және де ауыл мекемелеріне саяхат ұйымдастырып, әлеуметтік желілерде еңбек тәрбиесін кеңінен насихатталды.Шара мақсаты оқушылардың еңбекке деген қызығушылығы арттыру арқылы еңбекқор болуға тәрбиелеп, қоршаған ортадан алған білімдерін өмірде,күнделікті тұрмыста қолдана білуге үйрету.



11-сынып оқушыларымен және ата-аналарымен бірге "Мамандық таңдау маңызды" атты кеңес беру жиынын өткіздім. Мектеп басшысы А.Олжағалиев оқушылардың мамандық таңдауда ең бірінші ата-ананың рөлі маңызды екенін атап өтсе, мектеп психологы Э. Саликова ата-аналарға, оқушыларға психологиялық мотивация беріп, жақсы ұсыныстарын айтты.Сонымен қатар өзін-өзі тәрбиелеудің қандай дағдылары мен қабілеттерін бала меңгеруі тиіс бағытында сөз қозғалды.Психологиялық тренинг өткізіп жақсы ахуал қалыптастырды. Бүгін Махамбет ауданы бойынша сынама (пробный) тегін ұйымдастырып ҰБТ өткізген #Zerdelionlinekz болатын. Сол бойынша анализ талдама жасалып, алдағы уақытқа жоспар жасақталып бекітілді.



10 сынып білім алушыларына өткізілген сынып сағаттың тақырыбы: "Буллингтен қорған" және Қауіпсіздік сабақтың тақырыбы: "Қалай алаяқтардың тұзағына түспеуге болады?" Мақсаты: Оқушыларға буллинг, зорлық-зомбылық жаны мен тәніне үлкен зардап әкелетін соққы екенін түсіндіру және зорлыққа қарсы біздің елімізде заң бар екенін айту. Ұйымдастырған сынып жетекші: М.Зинуллина




Сынып сағаты 4 сынып. Қауіпсіздік сабағы тақырыбы «Төтенше жағдайлар туындаған кезде жедел қызметтерге қоңырау шалу скриптері» және "Өрттен сақтан". Мақсаты: Оқушыларға өрт Қауіпсіздігі ережесін жетік білудің маңыздылығын ұғындыру. Сынып сағаты барысында оқушылар өрт кезінде қандай сақтық шараларын жасау керектігі, өрт кезінде қауіпсіз аймаққа апаратын және қауіпсіз талаптарын жауап беретін эвакуациялық жолдар көрсетілді.



8-сынып білім алушылары «Менің қандай құқығым бар?» тақырыбында қауіпсіздік сабағы өткізілді. Апта дәйек сөзі: "Еңбек - жай ғана қызмет емес, адам болмысының айнасы". АБАЙ

Бала өмір сүруге, қорғауға, денсаулығын қорғауға, тұрғын үйге, білім алуға, даралық және сақтау құқығына, мемлекеттік көмекке құқығы бар. "ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БАЛА ҚҰҚЫҚТАРЫ ТУРАЛЫ" ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ 2002 ЖЫЛҒЫ 8 ТАМЫЗДАҒЫ 345 ЗАҢЫМЕН ҚОРҒАЛАДЫ. Алдымен алдыңғы апта Аналар күні аптасында ата-аналар жиналысында білім алушыларға АШЫҚ ХАТ жазып кеткенді. Білім алушылар аналарының жазған хатын оқып, хаттарына жауап жазды. Оқушының құқықтары тақырыбында сынып жетекші А.Хасанова #gamma._app жасанды интеллект бойынша жасаған презентациямен түсінік жұмыстарың жүргізді. 8-сынып білім алушыларын сынып жетекші ұзақ үзілістерде бес асық ойынымен көркем шығармалар оқуға шақырды. Алдағы білім додасы Айқанат ауыл олимпиадасына дайындалуға нұсқау берілді.



ГИМН - ЕЛДІГІМНІҢ ЖЫР ӘНІ! «Біртұтас тәрбие бағдарламасы» негізінде «Қазақстан Республикасы Мемлекеттік рәміздерін» құрметтеу - әрбір азаматтың міндеті!

Мемлекеттік рәміздерді қадірлеу тәуелсіз Қазақстанның әрбір азаматының қасиетті борышы. Мемлекеттік рәміздерді құрметтеу – елді, халықты, тарихты, әдет-ғұрыпты, салт-дәстүрді қастерлеу болып табылады. Мектебімізде Гимнді апта басында ұстаздар мен білім алушылар орындауды әдетке айналдырған.



Махамбет аудандық Махамбет Аудандық Білім Бөлімінің 2024 жылдың 18 қыркүйектегі №1353 санды хатына сәйкес “Балалардың жолдағы қауіпсіздігі - қоғам қамы” тақырыбы аясында бастауыш сынып білім алушылары арасында бірыңғай сынып сағаттары өткізілді. Шара мақсаты: жолда жүру ережесін есте сақтау, балаларды жол белгілерімен таныстыру, жол белгілерінің атқаратын қызметі қандай екендігін, сонымен қатар жол қауіпсіздігі сақталмаған жағдайда кездесетін жарақаттар немесе түрлі жағдайлар туралы түсіндіру. Сынып жетекші Нәйла Төребаева



Махамбет аудандық Махамбет Аудандық Білім Бөлімінің 2024 жылдың 18 қыркүйектегі №1353 санды хатына сәйкес “Балалардың жолдағы қауіпсіздігі - қоғам қамы” тақырыбы аясында бастауыш сынып білім алушыларына “Жол қозғалысы ережесін білу - қауіпсіздіктің негізі” сынып сағаттары өткізілді. Шара мақсаты: жолда жүру ережесін есте сақтау, балаларды жол белгілерімен таныстыру, жол белгілерінің атқаратын қызметі қандай екендігін, сонымен қатар жол қауіпсіздігі сақталмаған жағдайда кездесетін жарақаттар немесе түрлі жағдайлар туралы түсіндіру. Сынып жетекші Иманқұлова Айнұр



Махамбет аудандық Махамбет Аудандық Білім Бөлімінің 2024 жылдың 18 қыркүйектегі №1353 санды хатына сәйкес “Балалардың жолдағы қауіпсіздігі - қоғам қамы” тақырыбы аясында бастауыш сынып білім алушылары арасында бірыңғай сынып сағаттары өткізілді. Мектеп инспекторы, Махамбет АПБ-нің ЖПҚБ-нің ЮПТ-ның КТІЖ-гі УПИ-ры полиция аға лейтенанты Дюшимов Казбек «Жол қозғалысы ережелерін білу-қауіпсіздік негізі» тақырыбында 1-сынып оқушыларына түсіндірме жұмыстарын жүргізді. Шара мақсаты: жолда жүру ережесін есте сақтау, балаларды жол белгілерімен таныстыру, жол белгілерінің атқаратын қызметі қандай екендігін, сонымен қатар жол қауіпсіздігі сақталмаған жағдайда кездесетін жарақаттар немесе түрлі жағдайлар туралы түсіндіру. Сынып жетекші Сілеумұханова Назымгүл



Құндылық: Еңбекқорлық пен кәсіби біліктілік

Апта дәйексөзі: "Еңбек -жай ғана қызмет емес, адам болмысының айнасы" "Еңбегі адал жас өркен" жобасы аясында өткізілген шара тақырыбы: Еңбек түбі береке. Мақсаты: Оқушыларға еңбектің адам өміріндегі маңыздылығын түсіндіре отырып, ерінбей еңбек етуге, еңбектің адамның табиғи қажеті екендігін ұғындыру Шара барасында еңбек туралы түсінік берілді. Оқушылар үйден салып әкелген суреттері бойынша өз пікірлерін ортаға салып, еңбек туралы мақал мәтелдер айтылып, жұмбақтар шешіп белсене қатысты.



ӨНЕГЕЛІ 15 МИНУТ айдары Ата-аналардың баласымен мінез-құлық және адамгершілік туралы күнделікті 15 минут жеке әңгімелесуі. "Біртұтас тәрбие" бағдарламасы шеңберінде енгізілген "Өнегелі 15 минут" шарасы - ата-аналар үшін күнделікті баласымен ашық сөйлесуге, оның жан дүниесіне үңілуге және оған қолдау көрсетуге үндейді. Күнделікті 15 минуттық әңгімелесу арқылы ата-аналар баланың психологиялық жай-күйін біліп, оның өміріне етене араласа алады. Бүгінгі маңызды жобаның қонағы Асел Мендигалиева




10- сынып оқушылары білім алушыларына өткізілген сынып сағатының тақырыбы: " Еңбегі адал жас өрен " жобасы аясында "Еңбек түбі береке". Бейнеролик "Еңбек етсең ерінбей, тояды қарын тіленбей". Шығармашылық жұмыс. Қауіпсіздік сабағы "Жол қауіпсіздігі" бейнеролик (электросамокат, мопед, мотоциклік құралдарымен аман-есен жүріп тұруларына және жол-көлік оқиғаларын алдын алу бойынша ескерту үндеу жолдады) Сынып жетекші: М.Зинуллина



Мектебімізде 7 сынып оқушыларына арналған «Нашақорлық – ауыр індет» тақырыбында тренинг өтті. Шара мектеп тәрбие ісі жөніндегі орынбасары мен мектеп парламентінің бастамасымен ұйымдастырылды. Мақсаты: Оқушыларға нашақорлықтың зиянын түсіндіру, оларды салауатты өмір салтына баулу және есірткінің денсаулыққа тигізер қауіп-қатерін тереңірек ұғындыру. Тренинг барысында оқушылар ситуациялық сұрақтарға жауап беріп, нашақорлықтың қауіптілігі туралы постерлерін қорғады. Өз ойларын ашық білдіріп, есірткіге қарсы тұрудың маңыздылығын түсінді. Жастардың денсаулығын қорғау — біздің басты міндетіміз!
БАЛА ҚАУІПСІЗДІГІ-ҚОҒАМ КЕЛЕШЕГІ🌻



Есбол орта мектеп бойынша «Бала қауіпсіздігі-қоғам келешегі» тақырыбында 1-11 сыныптар бойынша ата-аналар жиналысы болып өтті. Жиынға мектеп инспекторы Махамбет АПБ-нің ЖПҚб-нің ЮПТ-ның КТІЖ-гі УПИ-ры полиция аға лейтенанты Дюшимов Казбек қатысты. Күн тәртібінде: 1. 2024-2025 оқу жылының басталуы туралы (ҚР оқу-ағарту министрлігінің мектептің ішкі тәртіп ережелерін қамтамасыз ету қағидасымен таныстыру, ереженің сақталуы, ата-аналар комитеті мен мүшелерін сайлау, қоғамдық мүліктің, оқулықтардың ұсталуы т.б) 2. Білім беру ұйымдарындағы «Біртұтас тәрбие» бағдарламасының таныстырылымы 3. Балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету шараларын өзектендіру 4. Балалардың бос уақытын тиімді ұйымдастыру мақсатында ашылған үйірмелермен таныстыру 5. “Досболlike” бағдарламасының мақсатын, міндеттерін түсіндіру Жиналыс барысында ата-аналар тарапынан ұсыныстар айтылып тыңдалды. Ата-ана комитеті төрайымы тағайындалды



ӨНЕГЕЛІ 15 МИНУТ Бала тәрбиесі-қоғамымыздың басты да өзекті мәселесі. Дені сау бала тәрбиелеу, ұл-қыз өсіру, берік отбасын құру – қоғамымыздың өміршеңдігінің, тұрақтылығының кепілі. Яғни, мемлекеттің берік іргетасын қалаумен тең. Сондықтан бала тәрбиесінде жауапкершілік зор. Ол жауапкершілік сапалы білім беретін мектептермен бірге тәрбие беретін отбасыға да ортақ. Осындай ұл-қыздың ұлттық тәрбиесіне көбірек көңіл бөліп, оны бала кезінен бойына сіңіріп келе жатқан Қылырова Танзила және Жексенгулова Маржан әжелеріміз. Қазақта ата-әжесінің тәрбиесін көрген бала зерек болады, айналасына да ерекше көзқараспен қарап үнемі ізденіс үстінде жүреді. Әже-отбасының алтын қазығы. Өмірден көргені мен түйгені мол әжелеріміздің тәрбиелеген баланың ең алдымен тілі тез шығады. Осындай тәрбиенің өзі өскелең ұрпақты ұлттық рухта тәрбиелеп, оларды елінің нағыз патриоты болуға жетелейді.



«Тәуелсіздік және отаншылдық айы» аясында өткізілген бірқатар тәрбие шаралары “Қарттар күніне” орай 3-сынып білім алушыларына Иманқұлова Айнұр сынып сағатын өткізді. Тақырыбы “Қариялар - ұлттың рухани байлығы”. Мақсаты: Қариялық - даналық пен өмір тәжірибесінің қайнар көзі екендігін ұғындыру.



«ӨНЕГЕЛІ 15 МИНУТ» күнделікті 15 минуттық әңгімелесу арқылы ата – аналар баланың психологиялық жай – күйін біліп, оның өміріне етене араласа алады. Бүгінгі маңызды жобаның қонағы Есбол ФАП медбикесі Калимукашева Анар Жакаевна ЖРВИ және тұмаудан сақтану үшін вакцина алуға, сонымен қатар иммунитетті көтеру үшін салауатты өмір салтын сақтануға, жеке бас гигиенасын орындауға кеңес береді. Сондай-ақ эпид маусым кезінде көпшілік орындарда, нашар желдетілетін жерлерде бетперде киіп, арақашықтықты сақтау, қолды жиі сабындап жуып, антисептиктерді пайдалану да маңызды. Дәрумендерге бай тағамдарды пайдаланып, салауатты өмір салтын ұстану сіздің денсаулығыңызды нығайтуға өз әсерін тигізеді. Бұл сақтық шаралары тек тұмау мен ЖРВИ-дан ғана емес, өзге де инфекциялық ауруларды жұқтырып алу қаупін төмендетеді.



1-сынып оқушыларына сынып жетекшісі Сілеумұханова Назымгүл «Мемлекеттік Рәміздер-Тәуелсіздік белгісі» атты ақпараттық сағат ұйымдастырды. Мақсаты: Оқушыларды Отансүйгіштікке, адамгершілікке, Отанына, халқына адал қызмет етуге, елінің Туын, Елтаңбасын, Өнұранын қастерлеп, құрметтеуге тәрбиелеу. Рәміздердің пайда болуы және тарихтағы маңызы жайлы түсініктерді дамыту.




"Біртұтас тәрбие" бағдарламасының жұмыс жоспарына сай «Қамқор» жобасы аясында "1 қазан-Халықаралық қариялар күні" мерекесіне орай ауыл қарияларын мектеп тәлімгері Ж.Таңатов және әлеуметтік педагог А.Төреғалиева құттықтап, мерекелік көңіл күй сыйлады.



2024 жылдың 4 қазан күні "Дублер күні", яғни білім алушылардың өзін-өзі басқару күні өтті. Дублер күнінің мақсаты- мектептегі өзін-өзі басқару жұмысын жандандыру, тұлғаның көшбасшылық қасиеттерін ашу және білім алушылардың ұйымдастырушылық қабілеттерін іске асыру. Мектеп әкімшілігі мен пән мұғалімдерінің рөлін Мектеп парламенті және Жас ұлан ұйымы мүшелері атқарды. Бұл күн оқушыларға дербестік, жауапкершілік, тапсырылған іске адал және шығармашылық көзқарас сияқты қасиеттерді дамытуға мүмкіндік берді. Ересектердің шешім қабылдау механизмі жастарға әрдайым түсінікті емес, сондықтан дублер күнінің барлық қатысушылары сыныпты басқару және иелену тәжірибесін алуға мүмкіндік берді. Барлық қатысушылар мүдделі істе көптеген қиындықтарды білді, мұғалімнің ауыр еңбегін түсінді.



А.Хасанованың ұйымдастырумен 8 сынып білім алушыларына «Қоғамға қызмет ету» волонтерлық қызмет тақырыбында сынып сағаты өткізілді. Қоғамға адал қызмет ету туралы түсіндіре отырып, сүйіспеншілік құндылығының мәнін ашу және жасанды интелект арқылы жасалған презентация бойынша түсіндірме жұмыстары жүргізіліп, талқыланды. Қауіпсіздік сабағы «Өзің туралы жалпы ақпараттарды беру қауіпі» туралы талқылаулар жүргізілді.



Ұстаздар күні мерекесіне орай мектебізде «USTAZ Quiz» интеллектуалды сайысы өткізілді. Әр команда мүшесі 1000 теңгеден ақша тігіп, жақсы нәтижеге жеткен команда толық түскен қаржыға ие болады. Сайыс 4 кезең бойынша жүргізілді. Сайыс барысында мұғалімдер пәндік сұрақтарға, түрлі логикалық тапсырмаларға жауап беру арқылы белсенділік танытып, сайыс қызықты да тартысты өтті. Сайыс соңында “ЖасSTAR” тобы 12000 теңге қаржылай сертификатпен марапатталды.



ҚАРТТАР КҮНІНЕ ОРАЙ “ӘЖЕЛЕР СӨЗІ-АҚЫЛДЫҢ КӨЗІ” тақырыбында 5-сынып оқушыларына Сабырбаева Шынар дөңгелек үстел өткізді. Мақсаты: халқымыздағы әдептілікке бастау болған ырымдар мен тыйымдардың мәнін ашып, әжелер білетін білім арқылы жас ұрпақтың ұлттық мәдениетін қалыптастыруға бағыттау және ұлттық қолөнер жүн түту, ұршық иігуді оқушыларға дәріптеу. Әже деген түсінгенге – әлеуметтік мәртебе. Бұл адамның өмірлік тәжірибе жинап, ақыл-парасатының кемелденген шағы. Сондықтан осындай асыл жандар мектепке жиналып, баламыздың баласы – немерелеріміздің тәрбиесіне атсалысуға мүмкіндік берген тағдырға рақмет айта отырып, ортақ тақырыпта әңгімелесіп, ғибрат алу – біздің мүмкіндігімізді арттырып отыр.

Біз қазақ халқы сан ғасырлық тарихымыз, ұлан-ғайыр даламыз, өз мәдениетіміз бар ұлтпыз. Ендігі әңгіме өз ұлтымыздың қолөнері туралы, сонымен қатар ұл-қыз әдептілігіне негіз болар ырым-тыйымдарымыз туралы болды.




4 қазан күні Есбол орта мектебінде «Ұлағатты ұстаз - ұлт мерейі» мерекелік шара өтті. Мерекелік шарада мектеп директоры Олжағалиев Алибек Қалыбайұлы барша ұстаздарды төл мерекелерімен құттықтады. Мектеп оқушылары концерттік бағдарламаларын ұсынып, көпшілікке мерекелік көтеріңкі көңіл-күй сыйлады. Әуелете ән салып, мың бұрала би биледі.



9 қазан күні 5-сынып жетекшісі Сабырбаева Ш. "ДосболLike" бағдарламасы аясында "Мен және күйзеліс" тақырыбында сынып сағатын ұйымдастырды. Мақсаты: Оқушыларды күйзеліске қарсы тұра алуға қалыптастыру; Шара барысында сынып жетекші оқушыларға жағымды ахуал қалыптастыру мақсатында "Ең, Ең ... оқушыны құшақта" тренингін жүргізіп, апта дәйексөзін: «Ұлттық құндылық – ұлт қуаты» М.Жүсіп еске салды. Сонымен қатар, жалпы күйзеліс дегеніміз не?оның шешімі қандай?

сұрақтарына түсініктер беріліп айна арқылы "Күлімдеу" терапиясы жаттығуы жасалынды. Оқушылардың бойындағы кішкене болсада күйзелісін анықтау үшін "Мен және менің күйзелісім", Медитация:"Өзіңді өзгерт", "Шешім" арқылы жұмыстар жүргізілді. Шара соңында оқушылар "Қой, күрсінбе" өлеңін айтып, жақсы достық көңіл күймен аяқтады. Бүгінгі сынып сағатымыздағы қауіпсіздік сабағы тақырыбы "Мектеп ауласындағы қауіпті орындар". Мақсаты: Мектеп ауласындағы қауіпті орындарды көрсету, олардың қауіпті орындар екендігін оқушыларға түсіндіру; өмір қауіпсіздігін сақтау; Шара барысында оқушыларға мектеп ауласындағы қауіпті ауыз су құдықтары, кәріз құдықтары, сыртқы дәретхана, газ жүйесінің сыртқы құбырлары т.б орындар қауіпті екендігі түсіндіріліп қауіпсіздік кеңестері берілді.



8-сынып білім алушылары А.Хасанованың өткізуімен «Жүргіншілер мен велосипедшілердің міндеттері және олардың ЖҚЕ бұзғаны үшін жауапкершіліктері» және «Ұстазым – ұлағатым, үлгі өнегем!» тақырыптарында сынып сағаты ұйымдастырылды. Сынып сағаты кезіндегі қауіпсіздік сағаты: "Кибербуллингтің рөлдік құрылымы. Егер сіз қатысушы болсаңыз не істеу керек. Өзіңізге алғашқы көмек". Білім алушылар жолда жүру ережелерін есте сақтау және жол белгілерін түрлерімен танысты. Жүргінші, велосипед жүргінші орында не істер едің? сұрақтармен талқыланды. Ұстаз мамандығының қыр сырын түсіндіру жұмыстары жүргізілді. Ұстаз еңбегін бағалай білуге тәрбиелік бейне жазба көрсетілді. Сонымен қатар білім алушылар кибербуллинг жағдайында дұрыс әрекет етуге және өзін-өзі қорғауға болатын жағдаяттар талқыланды.



Есбол орта мектебінде баланың бойындағы асыл қасиеттерді отбасында ата – әжесі қалыптастырады. Бала ата – әжесінің өнегелі әңгімелерін, шежірелерін тыңдап өседі. Өмірден көргені мен түйгені мол қариялар тәрбиелеген бала сөздің қадірін білетін болады. Осы мақсатта ұйымдастырылып жатқан “Өнегелі 15 минут” шарасы біздің сынып оқушыларының отбасыларында жалғасын табуда. Шарамызға ардагер ұстаз, Айтұмар есімді оқушымыздың атасы Теміржан ағайды қонаққа шақырғанбыз. Ұйымдастырушы 6 сынып жетекшісі Төреғалиева Айсана мен кітапханашы Султанова Азиза.




9 қазан күні 3-сынып жетекшісі [Айнур Иманкулова](#) "ДосболLike" бағдарламасы аясында "Шын дос - таусылмас қазына" тақырыбында сынып сағатын өткізді. Сынып сағаты апта дәйексөзімен басталды. Мақсаты: Оқушылардың достық туралы білім деңгейін кеңейту, досты қадірлеуге баулу, өзара достыққа, татулыққа тәрбиелеу. Шара барысында оқушылар екі топқа бөлініп, дос, достық туралы түсініктерін топтастарды. "Кім жылдам?" ойыны арқылы мақал мәтелдер айтып жарысып, достық туралы әндер айтты. Соңында "Виртуалды достардан болатын қауіптен қалай сақтануға болады?" тақырыбында оқушыларға қауіпсіздік туралы айтылды



10 қазан күні 9-сынып білім алушыларына “Желідегі фейктер үшін жауапкершілік” тақырыбында Ж.Таңатовтың ұйымдастырумен сынып сағаты өткізілді. Сынып сағаты қауіпсіздік сабағымен басталды. Оқушыларға шұғыл қызметтер нөмірі бойынша сұрақтар қойылды. Сонымен қатар, мектепте қанша эвакуациялық қосалқы есік бар екендігі таныстырылды. Сабақ барысында әлеуметтік желідегі фейк аккаунтар туралы, олардың қоғамға тигізетін зияны туралы ақпарат беріліп, әлеуметтік желіде жалған ақпарат таратқаны үшін жауапкершілікке тартылатыны түсіндірілді. Оқушыларға елімізде болған әлеуметтік желі арқылы жасалған қылмыстар мен олардың қандай жауапкершілікке тартылғаны көрсетілді және чаттардан келген кез келген ақпаратты бөліспес бұрын, әбден тексеріп алу керектігі айтылды



«ДосболLIKE» бағдарламасының аясында 8-сынып жетекшісі А.Хасанова сынып сағатын өткізді. Ұжымның күші жобасы бойынша 8-сынып оқушыларына арналған 1-сабақ өтті. Тақырыбы:Көру, сезіну, есту. «Шындық әрқашан көпшіліктің пікірінде бола бермейді, бірақ ұжымдық пікірде даналық болуы мүмкін» Джон Стюарт Милльдің нақыл сөзін талқылап, сабақ өз ретінмен бастау алды. Әртүрлі елдердің сәлемдесуімен сабақ басталды. Жұпқа бөлініп, өз жұптарының хоббиі, жақсы көретін нәрселерін сұраулармен біледі. Көрсетілім арқылы агрессия мен ассертивтілік туралы талқыланды. Топтық жұмыс "Ұжымдық пікір дегеніміз не? Сауалы аясында білім алушылар өз ойларын еркін жеткізе алды. "Жұп болып "Кір жайғышқа" ілінген жағдаяттарды шешілді және білім алушыларға жобалық қызмет ұсынылды, яғни 4- сынып білім алушыларына тәлімгерлік жобаларын дайындап көрсету. Шара соңында сұрақтармен рефлексия алынды. Белсенділікті 1-5 шкаламен бағалады және Қызыл қорапқа білім алушылар өз тілектер мен көкейде жүрген сұрақтарын салды.



5-сынып жетекші Сабырбаева Шынарлық ұйымдастыруымен сынып оқушыларына «Біртұтас тәрбие бағдарламасы» аясында "Өнегелі 15 минут" ата-ана мен оқушы арасында кеңес өткізілді. Мақсаты: Үзіліс уақытын тиімді ұйымдастыру. Шара барысында ата-ана әрі мектеп мейірбикесі Нуримова Гүлнұр оқушыларға "Өз денсаулығыңды қазірден бастап ойла!" тақырыбында санитарлық гигиеналық талаптар, жеке бас тазалығын сақтауға арналған бірнеше кеңестер беріп, дұрыс тамақтануға арналған бейнеролик көрсетті. Үзіліс соңында 5-сынып ата-аналары даярлаған қазақтың ұлттық сусыны шұбаттың пайдасы мен құрамы таныстырыла отырып, үнемі ішіп салауатты өмір салтын ұстанып жүру ұсынылды.



14 қазан күні 8 сынып оқушыларына Хасанова Анардың ұйымдастыруымен «Цифрлық әлемде қауіпсіз қадам» тақырыбында сынып сағаты өткізілді. Сынып сағатында бейне талқылау, сұрақ-жауап, менің басымнан өткен жағдай жағдаяттарында талқыланды және «Қауіпті және болжанбайтын жағдайлардан, зиянсыз әзілдер мен ұсыныстарды қалай ажыратуға болады» тақырыбында 7 қауіпсіздік сабағы өткізілді.



5 сынып жетекшісі Ш.Сабырбаева оқушыларға «Соғыстың соңғы нүктесін қойған батыр қазақ» тақырыбында сынып сағаты өткізді. Сабақ барысында қазақ халқының қаһарман ұлы Рақымжан Қошқарбаевтың өмір тарихы көрсетіліп, елеулі ерліктеріне аса мән берілді. Оқушылар рейхстагқа ту тіккен батырдың тағылымды өнегесін жадыларына түйіп, ұлтжандылық пен елін, жерін қорғай білуге деген патриоттық рухты сезімдері арта түсті.



Қазан айының 15 күні 1 сынып оқушыларына "Ерлігі ұрпаққа үлгі-Рақымжан Қошқарбаев" тақырыбында сынып сағаты өткізілді. Мақсаты: Қазақ халқының қаһарман ұлы Рақымжан Қошқарбаевтың өмір жолынан мәлімет беру, ерліктерін насихаттау. Оқушыларды елін, жерін қорғай білуге, ерлікке, ұлтжандылыққа тәрбиелеу. Сынып жетекшісі Нәйла Төребаева



Махамбет ауданы білім бөлімінің 2024 жылғы 14 қазандағы 06-01-06-12-04-06/1573 санды хатына сәйкес 15 қазан күні Есбол орта мектебінде Р.Қошқарбаевтың 100 жылдық мерейтойына орай "Рахымжан Қошқарбаев. Рейхстагқа тігілген ту" тақырыбында сынып жетекші Ержан Козыкешов 11 сыныпқа ерлік сағатын өткізді. Мақсаты: Рахымжан Қошқарбаевтың өмірі мен ерлігін үлгі ете отырып, оқушылардың бойында Отансүйгіштік пен ерлік рухын ояту. Рахымжан Қошқарбаевтың есімі қазақ халқының тарихында мәңгі сақталатынын түсіндіру.



Оқуға құштар мектеп” жобасы және “Балалар кітапханасы” жобасы аясында кітап оқуды насихаттау мақсатында 17 қазан күні 3 сынып оқушыларына “Абайды оқы, ерінбе!!” атты өнеге сағаты өтті. Мақсаты: Ұлы ақынның өмірімен таныстырып, шығармашылығын сүйіп оқуға, өмірін, қасиеттерін үлгі ете отырып, білім - ғылымға құмарлығын арттыру. Шараға сынып оқушылары белсене қатысып, Абай Құнанбайұлының қара сөздерін жатқа айтты.



2024 жылы 15-қазан күні “Біртұтас тәрбие” бағдарламасы бойынша 7-11 сыныптар арасында қыздар жиналыс өтілді. Оған директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Г.Батырғалиева, педагог-психологы Э.Саликова, қыздар ұйымы жетекшісі М.Зинуллина атсалысты. Мақсаты: Қыз балаларға адамгершілік, адалдық, іс-қимыл, жүріс-тұрыс дағдысы, қыз намысы, қазақ халқының ұлттық болмысын сақтай отырып, қыздарға жат қылықтарды ажырата білуге, олардың денсаулығына, тәрбиесіне келтіретін зияны туралы түсінік бере отырып, олардың ішкі және сыртқы жан дүниесінің әдемі де байсалды болуына шақыру. Жиналыс барысы мектеп қыздарына топқа бөлінумен бастау алды. Топтық жұмыс: 1. Сыртқы сұлулық ішкі сұлулықтың айнасы. 2. Тазалықты сүйемін 3. Жақсы мінез-жан сұлулығы. Осы төңіректе қыздар ұйымы жетекшісі М.Зинуллина мектептегі тазалықты, оқушылар арасында болатын реніш туралы, боянатын қыздар туралы кеңесін бере отырып, тоқталып өтті.



18 қазан күні 3-сыныпта "Ел рәміздері - еркіндік нышаны" тақырыбында сынып жетекшісі Айнур Иманкулованың ұйымдастыруымен сынып сағаты өтті. Мақсаты: Елтаңба, Ту, Гимн туралы түсініктерін нығайту. Рәміздердің пайда болуы және тарихтағы маңызы жайлы түсініктерді дамыту. Оқушының есте сақтауын дамыту, өз ойын дұрыс жеткізуге ынталандыру. Оқушыларды Отансүйгіштікке, адамгершілікке, Отанына, халқына адал қызмет етуге, елінің Туын, Елтаңбасын, Гимнді қастерлеп, құрметтеуге, халқының тегін, тарихын білуге тәрбиелеу. Сынып сағатында "Мақалдың жалғасын тап", "Кім білгір" ойындары ойнатылып, соңында сұрақ жауап әдісі арқылы кері байланыс алынды. Оқушылар өз ойларын айта білді



2024 жылдың 19 қазаны күні Есбол орта мектебінде "Өзін-өзі басқару" ұйымының Президент сайлауы өтті. Сайлауға 5 оқушы үміткер болып ұсыныс білдірді. Үміткерлер сайлауалды бағдарламаларын таныстырды. Сайлауға дауыс беруге 1-11 сынып оқушылары қатысты. Комиссия мүшелері мектеп тәлімгері Ж.Таңатов және сайлау үміткерлерінің сенімді өкілдері, яғни 9-11 сынып оқушылары арасынан тағайындалды. Сайлау нәтижесінде бойынша 126 оқушының дауыс беру нәтижесінде Самат Эльшат-6,3%, Адилов Ержан-14,2% , Тасберікқызы Айзере-18,2%, Нұртілекұлы Мансур-28,5%, Таңатар Нұрдана-32,5% көрсеткішімен мектеп Президенті болып сайланды.



23 қазан күні “Біртұтас тәрбие” бағдарламасының жоспарына сәйкес мектеміздің 3-сынып оқушыларына “Өзін-өзі басқару” ұйымының президенті Н.Таңатарованың ұйымдастыруымен сынып сағаты өткізілді.

Бұл күн – біздің тәуелсіздігіміз бен елдігіміздің мерекесі. Тәуелсіздік – біз үшін ең үлкен құндылық. Әрбір қазақ үшін Отанын сүю, оны қорғау – басты міндет. Ел болашағы – жастарда, олар біздің үмітіміз бен сеніміміздің символы. Оқушыларға білім мен тәрбие беріп, патриоттық рухты қалыптастыруымыз керек. Достыққа, адамгершілікке, Отанды сүюге, туған еліне, жеріне деген сүйіспеншілікке тәрбиелеу.



25 қазан - Республика күніне орай мектебімізде 24 қазан күні “Мәңгілік жаса, қыран елім - Қазақстан” атты 4-сынып оқушылары арасында интеллектуалды сайыс өтті. Біздің еліміз – көпұлтты, көпдінді, мәдениетті қоғам. Осы тұрғыда біз бірлігімізді, ынтымағымызды нығайтуымыз қажет. Тәуелсіздік – бұл ұрпақтан-ұрпаққа берілетін мұра. Сайыс барысында оқушылар “Ел тарихы”, “Қандай мейрам?”, “Суреттер сөйлейді” және “Жалғасын тап” кезеңдері бойынша сұрақтарға дұрыс жасау беріп, өз топтарын жеңіс шыңынан көруге белсене жұмыс жасады. Сайыс ұйымдастырушылары директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Г.Батырғалиева және “Өзін-өзі басқару” ұйымы президенті Н.Таңатарова

